тұрмыс-салтпен, дүниетанымен, таным-түсініктен кіндіктес. Кез келген өнердің айқын ортасын тұтынатын құдіретті қасиет те осы. Қазақ фольклорының қай жанрын алсаңыз да, халқымыздың ғасырлар бойы сақталған танымдық та, тәрбиелік мәні зор бай тәжірибесінің тұнғыш қазығы екеніне көзіміз жетеді. Сондай-ақ халықтық мұраны қазіргі өмірімізбен мақсатымызға қызмет еткізу, ғалымдар қауымының алдында тұрған зор міндеттердің бірі деп білемін !

---

1. "Қазақ фольклорының тарихнамасы" ҚР-ның УҒА-сы. Жауапты ред: Р. Бердібаев Алматы: Ғылым, 1993.
2. *Ақатай С.* Інжу –маржан сөздері. А., 1995.
3. *Ахмар О.* Қара өлең А., 1989.
4. *Сәдібеков А.* Мың бір маржан. А., 1989.

Резюме

В данной статье автор выделяет характерное влияние народной поэзии на воспитание и приводит примеры. В статье рассматриваются вопросы и проблемы так же особая значимость народных песен. Так же затрагиваются проблемы о забываемом жанре – "Қара өлеу".

Summary

In this article author attention the national poetry to role of educational and gave in definite examples. Then considered questions and problems especially significantly of lost genre – "Kara olen".

ҰҚСАСТЫҚТАР ТАБИҒАТЫ

Солтанаева Е.,
М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының аспиранты

1636 жылы Париждің "Марэ" театрында актерлік өнердің құдіретін паш ететін, оның қызығы мен шыжығын барынша көркем көрсете алған "Елес" пьесасы қойылды. Авторы Пьер Корнель. Шығарма композициясы қызық: көрермеңе "пьеса ішіндегі пьеса" көрсетіледі. Тұлғалы сюжеті былай: Придаман деген қарт адам актер болуды армандап, сол үшін бір кездері үйінен қашып кеткен жалғыз ұлы Клиндорды іздеп шығады. Он жылын ізеумен өткізіп, шаршап-шалдыққан екі Альканда деген сиқыршыға барады. Сиқыршы елес арқылы Клиндор өмірін әкесінің көз алдына әкеледі. Онда Клиндордың іс-әрекеті, махаббаты, өлімі көрсетіледі. Мұны көріп тұрған бейшара әке сиқыршыдан ораша түсіп, баласын ажалдан аман алып қалуын өтініп, жалбарынып сұрайды. Көрермен де нақ секілді көргенінің барлығын шындық деп қабылдайды. Шығарма соңында дені-қарны сау баласы Клиндор, оны өлтірген тұлымдармен бірге ақша бөлісіп отырғанын көрсетіледі. Сонда ғана

көрермен де, Придаман шал да сонталықты нанымды қойылған бұл пьеса актерлік шеберліктің құдіреті екендігіне көз жетеді. Осы жерден драматург позициясы айқын көрінеді, ол әдеби театрдың шындық өмірден ешайырмашылығы жоқ екендігін дәлелдей түсу үшін шығарма композициясын осылайша құрған. Корнель елесті тек Придаман шалдың ғана емес, концілктің қателігін мойындату үшін қолданды.

XYII ғасырда Батыс Европа әдебиетінде классицизм бағытты кең құлаш жайғаны белгілі. Франция бұл әдеби бағыттың классикалық үлгілерін берді. Мұнда классицизм кемелене жетті. Классицизмнің теориясы да дәл осында қалыптасты. Классицизм теоретиктерінің ойынша сананың қарапайым талаптары сахнадағы оқиғаны жіпдірма тоқ сағат бойына сыйдыруға, бір орында отуіне драматургті міндеттейді, эстетикалық әсер заңдылықтары драматургтен сюжет бір сызық бойымен өтуін талап етеді. Осыдан келіп орын, уақыт, әрекет – үш бірлік "ережесі" пайда болады.

Әдеби жанрлардың да қатаң деңгейленуі (эпопея, трагедия, комедия және т.б.) осы ізімнен туындады. әрбір жанрдың нақты шекаралары, оның ерекшеліктері көрсетіліп, әрбір жанрға тиесілі тілі мен кейіпкерлері бекітілді (трагедия үшін – бөлек эстетикалық ділі, асқақ сезімдер, батыр тұлғалар; комедия үшін – төмендетілген тіркіктегі персонаждар, ауызекі сөйлеу тілі т.б.), себебі классицистердің пікірінше әрбір жанрдың ұлғілі шығармалары ғу-баста дүниеге келіп қойған, ал жаңа кезеңдердің ешнісі тек (бірқола) табылған кемел идеалдарын ізімен жүру.

Рас Пьер Корнель – өз шығармашылығымен классизмнің көркемдік жүйесін тұрақтандыра түскен сурәткер. Алайда ғұсл баста шығармашылықтың құпиясын шешу мақсатымен туындаған бұл бағыт, кейінгі қасаң қағидалардың жиынтығына айналғандықтан суреткерлердің шығармашылық тынысын тарылтты.

Корнель "Елес" пьесасында кейіпкерін бірде комедиялық, бірде трагедиялық образ ретінде сомдау арқылы шығармашылық өркіндікті меңзейді. Драматург ашық айта алмаған ойларын елес арқылы береді.

Мұндай шығармашылық тәсіл тұл әдебиетіміздегі Ж.Аймауытовтың "Елес" (1924) әңгімесін еске салады. Ж.Аймауытов та елесті қоғамның, кейіпкердің қателігін мойындату мақсатында пайдаланған. әңгіме бірінші жақтан баяндалады. Берілген ғаппсырманы орындай алмай, ойы сан-саққа жамырап, түнің бір уақытына дейін мәжілісмен жаза алмай отырған журналист болмесіне белгісіз бір жігіт келіп кіріп келеді. Журналист пен елес арасында әңгіме өрбиді. "Міне сізіндердің төңкерістің ұқпағандарың...

...ескі әдебиетті өткеретіп, ескі мәдениетті, ескі әдебиетті, ескі мәдениетті өткеретіп, енелеп дамытпаған, енеден өнбеген болып туған кім бар еді?

...төңкерістен бері қазақ елінің басынан қандай күндер өтпеді? Қазақ даласын көмірдей басып ақтар өтті. Қазақ даласындағы соғыс майданы ашылды. Мұның бәрі қандай із қалдырды? Осылардың қасысын жазылып? ...Қазақ жұтқа, ашаршылыққа ұшырады. Оның ауыртпалығы, өлімі, шығыны, қайғысы, зардабы қандайлық болды?" – деп елес шығарма

кейіпкері айта алмаған қоғамдық проблемаларды, іште қайнаған ой өзегін бүкпей жария етіп, ақиқатты ашарын салады.

XX ғасыр басындағы әдебіеттің тарихи, қоғамдық-әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысты болғандығы белгілі. әдебиет идеология құралына айналып, ресми идеологияның сынышаяры кез-келгеи көркем шығармадан "жат пиғыл, зиянды идея, саяси қате" теріп, ұятпыл, ескішіл, керітартпа деп айыптан, жазалауға ұмтылды.

Алайда зерттеу ысаны болған шығармалардың авторлары көркем шығармаға арқау болған объективті шындықты бейнелеудің өзіндік тәсілін тапты. Шын шеберлердің ұшқыр қиялы қиынан қыстырып, айтылмауға тиіс нәрсені жария етті. *Екі жазушы да анық айта алмаған әйтарын елес арқылы жеткізеді. Екі ғенний елесті — ресми идеологиямен күресте қолданатын қару ретінде пайдаланады. Екі жазушы үшін де елес — ерікпіздікпен символына айналды.*

Екеуі екі басқа ұлт өкілдерінен шыққан, бір-бірінің шығармашылық жетістіктерін меңгерді деуге келмейді. Алайда суреткерлердің көркемдік жүйесіндегі ұқсас тұстардың, ортақ белгілердің болуы таңданырады.

Түрлі ұлттық әдебиеттерден типологиялық аналогиялар кездестіріп, бұл құбылыстың себебін ідестіруге ұмтылған, табиғатын тануға тырысқан ғалымдар бар. Себебі әдебиттану ғылымының негізгі міндеті көркем өнердің таңғажайып құпиясын ашу, көркем өнер тілін ғылым тіліне аудару емес пе?

Компаративистердің француз мектебі түрлі елдердің әдебиеттерінде ұқсастықтардың болуын әдеби контактілердің әсерінен деп түсіндіреді. XX ғасырдағы салыстырмалы әдебиттанудың классигі Поль ван Тигем әдеби құбылыстарды танудың принциптерінің теориясын жасайды. Ол әдебиеттегі ықпалдың орнын жоғары қояды. Тек егер екі елдегі, әдебиеттегі әлеуметтік жағдай бірдей болған жағдайда ғана, ықпалсыз-ақ, әсерсіз-ақ ұқсас әдеби құбылыстар пайда болуы мүмкіндігін айтады.

Орыс ғалымдары Д.Ф.Марков, Н.С.Надьярных, А.Бушмин, Б.Храпченколар мұндай ұқсас құбылыстардың себебін қайталану деп түсіндіріп, оларға (повторяемость) деген атау береді, және де оның теориялық-методологиялық маңызын сөз етеді. Олардың айтуы бойынша, қалам иесінің өзіндік дүниетанымы, өмірлік тәжірибесі, эстетикалық тағылымы, өткен жақын мәселелері, ой айту сынды бөліктерінің көрінісі әдебиетте тұрақтап қалған заңдылықтардың нәтижесі. Мысалы М.Б.Храпченко былай деп жазады: "Своеобразие художников слова вовсе не означает, что между ними не существует внутренних связей, что в их произведениях не проявляются общие начала и тенденций. Эти общие начала не только существуют, они играют важную роль в литературном процессе, представая в различных формах".

Г.Н.Поспелов: "Литературная типология предполагает расскрытие общих и сходных тенденций развития как в литературах народов близких по языку и своим историческим судьбам, так и в литературах народов, которым не присущи эти черты. Но в самых различных типологических обобщениях родственное, общее и сходное характеризуется не в простом отвлечении от индивидуального, частного и не в прямолинейном противопоставлений им, а в их внутренних связях"-дейді. Сонымен қатар ол әдебиеттің процесстердегі обьективті заңдылықтардың табиғатын ашу үшін,

салыстырып отырған шығармалардың міндетті түрде көркемдік деңгейлерінің, жанрларының бірдей болуы басты шарт емес екенін айтады. Мәселен біз қарастырып отырған шығармалардың жанрлық табиғатына үңілер болсақ, П.Корнельдің "Елесі" драмалық шығарма, Ж.Аймауытовтың "Елесі" шағын әңгіме. Алайда екі шығармада өз заманы үшін өзекті болған көркемдік деңгейлері пара-пар шығармалар.

Шығарманың жанрлық сипатынан, сыртқы формасынан гөрі зерттеу барысында шығарманың ішкі мазмұнына жете мән берген дұрыс.

Әдебиет зерттеушісі, профессор Т. Есембековтың мына тұжырымы бұл ойымызды қуаттай түседі: "Типологиялық ұқсастықтардың түп-төркінін әдебиеттер дамуының, шығармашылық принциптердің көркем шығарманың ішкі заңдылықтарының ортақтықтарынан іздеу керек".

Әдебиетте салыстырмалы зерттеу тоғысында кеңінен қолданылатын принциптердің бірі – жазушылардың дүниетанымдық позицияларындағы сәйкестік.

Аталған қаламгерлер болмыстың әр түрлі құбылыстарын таңдап алып, оны ой елегінен өткізіп, өзіндік шешім шығарады. Алайда сол өмірлік материалды көрермене ұсынуда тұған қиындықты ысырып тастау үшін пайдаланған суреткер шеберліктерінің ұқсастығы, көркемдік үндестік айқын көрінеді.

Бұл тұрғыдан алғанда Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығы әлем әдебиеті контекстінде қарастыруға өте лайық.

---

1. *Ж.Аймауытов.* Шығармалары. Алматы "Жазушы", 1989 ж.
2. *П.Корнель.* Пьесы. Москва, 1984 г.
3. *Е.М.Кротенко.* Творческая индивидуальность писателя и развитие литературы. Москва, 1981г.
4. *Т.О.Есембеков.* Әдеби шығарманы талдау және бағалау. Алматы, 1991ж.
5. *Мадонова М.К.* Введение в сравнительное литературоведение. Алматы, 2003г.

Резюме

В статье рассматривается типологические аналогий встречающиеся в разных национальных литературах.

Summary

In Me article are investigated typological anlogy in the nationale literature.

ХАЛЫҚ БАТЫРЫ ОБРАЗЫН СОМДАУДАҒЫ ҚАРУ-ЖАРАҚТЫҢ МАҢЫЗЫ

Уәйқова Р.М.,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының аспиранты

Азамат ерлік баласы елі үшін қан майданға түспесе, азаматтығына сын келген. Бес қаруын сайланып, жауына арыстандай атылып, Отан